

«БЕКІТЕМІН»

«Жастар ресурстық орталығы»

КММ директоры

 М.Заурбеков

« » 2018 ж.

«КЕЛІСЕМІН»

Аудандық білім

бөлімінің басшысы

 Е.Абуталипов

2018 ж.

**22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай мекеме жастары арасындағы
«Наурыз тойым – мереке, салт-дәстүрім – береке!» атты
аудандық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1. 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай мекеме жастары арасындағы «Наурыз тойым – мереке, салт-дәстүрім – береке!» атты аудандық байқауы (бұдан әрі – байқау) «Қазақстан 2020: Болашаққа айқын жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің 2018 жылғы іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқауды Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастырады.

II. Байқау мақсаты

Наурыз мерекесінің маңызын, халықтық мәнін таныту, қазақтың ұлттық құндылықтарын жастар арасында насихаттау; жастардың бойына ұлттық салт-дәстүрдің озық үлгілерін дарыту, жастардың ұлттық рухани санасын дамыту.

III. Байқау талаптары мен шарттары

Байқауға 14-29 жас аралығындағы жастар команда құрып қатыса алады. Команда құрамы 6 адамға дейін.

Байқау мына кезеңдер бойынша өткізіледі.

1 кезең - «Сәлемдесу!». Бұл кезеңде қатысушылар топ атауын, мақсаты мен міндетін, топты және топ мүшелерін таныстырады. Регламент 3 - 5 минут.

2 кезең – «Салт-дәстүр». Қазақтың ұмытыла бастаған ежелгі салт-дәстүрлерінен көрініс қою. Көрініске команданың барлық мүшелері қатысуы керек. Регламент – 5-7 минут.

IV. Байқауды өткізу мерзімі мен орны

Байқау 2018 жылдың 19 наурызында сағат 10.00-де Көкдөнен ауылдық округтік мәдениет үйінде өткізіледі. Байқау сұраныстары 15 наурызына дейін «Жастар ресурстық орталығы» мекемесіне (Құлан ауылы, аудандық «Құлан таңы» газетінің редакциясы, 2 қабат, сырт жағы) немесе margulan_musahanov@mail.ru электрондық почтаға қабылданады. Қатысушыларға дайын фонограмманы қолдануға тыйым салынады.

Қазылар алқасы жүлдегерлерді анықтайды. Жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Анықтама телефоны: 8 (7263) 4 04 83.